

**«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-ның отбасылық
медицина кафедрасының докторанты Мергентай Айгуль
туралы ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

А.Мергентайдың «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесіне арналған – тұрғындарға алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігерлердің нормативтік жүктемесі және дәрігерге бір пациенттің келу уақытының нормасы заманауи ғылыми негізделмеген.

Ізденуші А.Мергентай оқу және диссертациялық жұмыс дайындау барысында жоғары білім деңгейінде, кәсіби шеберлік пен ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете отырып, еңбекқор, адал, бірбеткей және ұқыпты маман екенін дәлелдеді. Ол көпшіл, өз-өзімен жұмыс істей білетін, өзінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп отырады, теориялық ой-өрісін кеңейтеді және практикалық дағдыларын жетілдіреді.

Диссертациялық жұмыстың материалдары бойынша 19 ғылыми жұмысы жарияланған, олардың ішінде: 3 мақала ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспаларда; 1 мақала *Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі* базасына кіретін журналында; 1 мақала халықаралық ғылыми жариялымда (International Journal of Innovative Science, Engineering & Technology), 1 мақала “*Research Journal of Pharmacy and Technology*” (2018 жылдан бастап SJR 0.19 Scopus, Citescore - 0.38, процентиль 56, 3 квантиль Q3) Scopus мәліметтер базаларына енген халықаралық рецензияланған журналда, 1 баяндама және 3 тезис Қазақстандағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары мен жинақтарында жариялауында, 6 тезис шетелдік конференциялар материалдарында: оның 1-і (*European Journal of Public Health, (2018 жылы IF=2.234, квантиль Q2)*), Web of Science мәліметтер базасында индексирленген халықаралық рецензияланған журналда. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 3 куәлігі алынған.

Автормен ҚР ДСМ «Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережені бекіту» 2011 жылғы 5 қаңтардағы №7 бұйрығына қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді. Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің (МСАК) және жалпы практика дәрігер жұмысын реттейтін «Жалпы дәрігерлік практика/отбасылық медицина» кәсіптік стандарт жобасына өзгерістер мен толықтырулар ұсынылды.

Ізденуші «МСАК Мультидисциплинарлық командасы» моделін әзірлеп ұсынды, оның құрамына жалпы практика дәрігері, профилді (бейінді) мамандар, әлеуметтік қызметкер, психолог, салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігері, кеңейтілген және жалпы практика мейіргері кіреді, бұл тұрғындарға медициналық көмектің сапасын арттыруға көмектеседі.

Осы диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған, жұмысқа қойылған талаптарға сәйкес өзектілігі, жаңалығы және практикалық маңыздылығы бойынша қанағаттандыра отырып, өзіндік мәнімен аяқталған болып табылады және 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте ресми қорғауға ұсынылады, ал ізденуші Айғуль Мергентай философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші:

медицина ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор,

жоғары біліктілік санаттағы

жалпы практика дәрігері және

денсаулық сақтауды ұйымдастырушы дәрігері

Б.К.Омарқұлов



« _ » _____ 2020 ж.